

● 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

Тарихтан тағылым - өткенге тағзым

Қазақ халқының өткен тарихында қиын-қыстау кезең аз болған жоқ. XX ғасырдың 20-30 жылдары тәркілеуді де, ашаршылықты да, қуғын-сүргінді де бастан кешірді, «мың өліп, мың тірілді» (Ж. Молдағалиев). Кейінгі ұрпақ оны әрқашан еске алуы, бабалар рухына тағзым етуі керек. Шынайы тарихты білуі тиіс.

Жуырда М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті «Қазақстан тарихы» кафедрасының оқытушылары – т.ғ.к. С. Садықұлова, А. Қабыл, Г. Ахайдың жетекшіліктерімен Мәдениет және өнер факультетінің 1-курс студенттері қалалық Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейіне барып, экскурсия жасады. Мақсат - оқу орнында «Қазақстан тарихы» пәнін оқумен бірге музейдегі жинақ қоры арқылы



экспонаттарды көру, деректі мәліметтермен жан-жақты танысу, сол арқылы жеке тұлға бойында елжандылық қасиетті қалыптастыру мен тарихи танымды арттыру болды. «Мемлекеттік құрылыстың

кеңестік үлгісінің іске асырылуы» тақырыбы аясында кеңестік тоталитарлық Қазақстанның қалыптасуының сипаты, шаралары, «Кіші Қазан» идеясы, мәні мен салдары, ұжымдастырудың әдістері

мен қарқыны, белең алған ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін, оның ауқымы және ауыр зардаптары, қазақ ауылын кеңестендіру саясаты мен кеңес өкіметіне қарсы бағытталған

көтерілістер туралы жүргізілген экскурсия барысында білім алушылар музей экспозициясымен, залдағы диорамалармен таныса отырып саяси қуғынға ұшыраған ұлт зиялылары, мемлекет қайраткерлері туралы қысқатты деректерге көңіл аударды. Музейдің орталық және тағзым залын аралау барысында мекеменің экскурсия жетекшісі Дали Дариға келуші жастарға тоталитарлық жүйе мен қуғын-сүргін заманындағы қазақ зиялыларының атқарған еңбектеріне шолу жасап, Отан тарихындағы осы бір ауыр кезеңнің кейбір «ақтаңдақ» тұстары туралы кең түрде баяндап берді. Әсіресе студент жастар зұлмат жылдар тарихы бойынша түсірілген деректі фильмді көріп, үлкен әсерде болғанын өз пікірлерін жеткізгендерінен байқалды. Иә, тарих ұмытылмайды. Өзінің жүріп өткен жолын, төл тарихын білген жас буын өкілдері келешекте туған жері мен халқына қызмет етіп, ұрпақтар сабақтас-тығына хласатыны айқын.

Алғабек ҚАБЫЛ,
М. Әуезов атындағы
ОҚЗУ «Қазақстан тарихы»
кафедрасының аға
оқытушысы,
Гүлжамал АХАЙ,
оқытушы.